

Біржолғы материалдық көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қызылорда қалалық мәслихатының 2013 жылғы 26 ақпандағы N 14/4 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылы 26 наурызда N 4424 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 2013 жылғы 22 мамырдағы N 17/3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 22.05.2013 N 17 /3 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына, " Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда қ а л а л ы қ м ә с л и х а т ы **Ш Е Ш Т І :**

1. 2013 жылдың 31 мамырына дейін біржолғы материалдық көмек көрсетілсін

:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына 68 000 (алпыс сегіз мың) теңге мөлшерінде;

2) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға 25 000 (жиырма бес мың) теңге м ө л ш е р і н д е ;

3) 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға 49 720 (қырық тоғыз мың жеті жүз жиырма) теңге мөлшерінде;

4) жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілерге, ұрыс қимылдары жүріп жатқан

осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне, бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілеріне, Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілерге, 1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға 25 000 (жиырма бес мың) теңге мөлшерінде к ө р с е т і л е д і .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Қалалық мәслихаттың кезектен</i>		
<i>тыс XIV сессиясының төрағасы</i>	<i>Ғ. ИБРАЕВ</i>	
	<i>Қызылорда</i>	<i>қалалық</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>И. ҚҰТТЫҚОЖАЕВ</i>	